



**«Балапан» кіші тобына арналған
Перспективалық жоспар
2023 -2024 оқу жылы**

**Тәрбиеші: Избасарова Ш.Б
Абдуллина Н.С**

Аралтоғай ауылы

2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы,

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Балаларды қадағалау әдісімен дамыту бастауыш мониторингін өткізу (қарапайым жағдайда балалармен өткізіледі). Типтік бағдарламаның мазмұнын ұғынуын анықтау Міндетімен, сонымен қатар баланы педагогикалық сүйемелдеу үшін тапсырмаларды анықтау.</p> <p>денсаулық сақтау технологиясын және «Қояндар» саусақ гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті . қалыптастыру:</p> <p>-айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;</p> <p>Сөздік қор. -Балаларды заттардың қасиеттерінің және олармен әрекеттердің атауын айтуды, тілдік қарым-қатынасқа, сөйлеу тіліне, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. -Балаларды тәрбиешінің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) жасай білуге үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p>

	<p>тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады;</p> <p>-адамның дене мүшелерін (қол, аяқ, бас), тұрмыстық және ойын әрекетін (қыдыру, тамақтану), әртүрлі өлшемді (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсінеді; зат есімдерді, есімдіктерді етістікпен байланыстыра алады;</p> <p>-берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді; жақсы таныс ертегілердің үзінділерін есте сақтайды.</p>
Көркем әдебиет	<p>ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға;</p> <p>-тақпақтардың интонациясын қабылдауды;</p> <p>-кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға;</p> <p>-ертегілердегі, әңгімелердегі, өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді;</p> <p>-таныс тақпақтарды қайталауды;</p> <p>-ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>-тыңдалым және айтылым дағдыларын игерген;</p> <p>-қысқа тақпақтарды, өлеңдерді жатқа біледі;</p> <p>- шығармалардың мазмұнына эмоционалды көңіл-күй таныта біледі;</p> <p>-жақсы таныс шығармаларды көрнекі құралдарсыз тыңдайды;</p> <p>-кейіпкерлердің бейнелерін ойындарда қарапайым түрде бейнелей алады.</p>
Сенсорика	<p>-заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;</p> <p>-қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>-үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындай алады;</p> <p>-қимылдардың, қолдың ұсақ моторикасының үйлесімділік дағдыларын игерген;</p>
Құрастыру	<p>-құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды;</p> <p>- құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>-құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыра алады;</p> <p>-құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыра алады;</p>

Қоршаған ортамен танысу	<p>өлі және тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> -көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша атайды және ажыратады; жануарлардың дене бөліктерін ажыратады және атайды, олардың мінез-құлқына, сыртқы түріне назар аударады; -аулаға ұшып келетін құстарды атайды және ажыратады; - табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.
Сурет салу	<p>балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту;</p> <ul style="list-style-type: none"> -балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> -дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелей алады;
Жапсыру	<p>Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;</p>
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> -сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі; -сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие;
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру; - Бубен, сылдырмақ аспаптарының дыбысталуымен танысу; - Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту; -Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру.

2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы,

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
қазан	Дене шынықтыру	<p>денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту</p> <p>денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>тыныс алу гимнастикасын және білекке арналған «Тышқан» массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>биіктен секіру дағдысын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қалыптастыру:</p> <p>-дыбысқа еліктеу сөздерін қолданып, дауысты дыбыстарды дұрыс айту;</p> <p>-дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтижелер</p> <p>-тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады;</p>

Көркем әдебиет	<p>-Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау.</p> <p>Күтілетін нәтижелер</p> <p>-тыңдалым және айтылым дағдыларын игерген;</p>
Сенсорика	<p>Біліктерді жетілдіру:</p> <p>- көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;</p> <p>- түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстырады және іріктейді.</p> <p>Күтілетін нәтижелер</p> <p>-ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;</p> <p>-түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі қасиеттері бойынша топтастырады.</p>
Құрастыру	<p>Білімдерін қалыптастыру:</p> <p>- әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары туралы;</p> <p>-материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр) туралы;</p> <p>-кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру – үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік туралы;</p> <p>-қарапайым бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы.</p> <p>-Балаларға кеңістіктік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру туралы дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>-құрылыс материалдарының қасиеттері туралы түсініктерді игерген;</p> <p>-құрылыс материалдарын пішіні, көлемі бойынша топтастырады.</p>
Қоршаған ортамен танысу	<p>-ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>-ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға үйрету.</p>
Сурет салу	<p>-сурет салу техникасын жетілдіру. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені</p>

		<p>орналастыру;</p> <p>- балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>-қағаздың қасиеттерін біледі; қарындашты дұрыс ұстай алады (үш саусақпен);</p> <p>- түстерді ажыратады және дұрыс атайды;</p> <p>-өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады.</p>
	Жапсыру	<p>Дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>-фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;</p> <p>-фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>қағаз бетіне геометриялық пішіндерден қарапайым пішіндер (машина, үй, қар адамы) құрастырады және орналастырады;</p>
	Мүсіндеу	<p>сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;</p> <p>- техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (үлкен кесектен кішкентай бөліктерді бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады);</p> <p>бірдей және түрлі көлемді шарларды біріктіру жолдарымен заттарды мүсіндейді.</p>
	Музыка	<p>-Музыканы тыңдауда эмоционалды көңіл-күймен қабылдау;</p> <p>-Бубен, сылдырмақ аспабын үнінен тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану;</p> <p>-Ән айтуда педагогтың дауыс ырғағына еліктеу, қосылып ән айту;</p> <p>-Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.</p>

2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	<p>алға жылжи отырып секіру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>допты домалату дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«ирелендеп» еңбектеу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>жүгіру түрлерін үйрету, қимыл үйлесімділігін дамыту.</p> <p>тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>-Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>-ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді;</p> <p>-жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және</p>

		қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады;
Көркем әдебиет		Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Күтілетін нәтижелер: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды.
Сенсорика		заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Күтілетін нәтижелер: үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды; қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген; ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;
Қоршаған ортамен таныстыру		Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі.

		<p>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі.</p> <p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> -есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; -заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды; - ересектердің еңбек әрекеттерін бақылайды. -көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі; - табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды;
Құрастыру		<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады;</p>
Сурет салу		<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді;</p>
Жапсыру		<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту.</p> <p>Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады,</p>

		оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады);
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Күтілетін нәтиже: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі.
	Музыка	-Музыка тыңдауда дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу; -Барабан аспабымен және дыбысталуымен танысу; -Ән айтуда педагог сөздерінің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту; - Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.

2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: Кіші

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	<p>аяқтың ұшымен жүру, қимыл үйлесімділігі дағдысын қалыптастыру.</p> <p>алға жылжи отырып, секіру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>гимнастикалық орындықпен жүру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>допты кеудеден екі қолмен лақтыру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту</p> <p>тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашужабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды;</p>
	Сенсорика	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі</p>

	<p>геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: -көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды -топтастырады; заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді;</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: -ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; - жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады.</p>
Құрастыру	<p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: -қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады; құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады.</p>
Сурет салу	<p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: -дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді;</p>
Жапсыру	<p>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады;</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады);</p>

	Музыка	<ul style="list-style-type: none">-Музыка тыңдауда баяу және көтеріңкі дыбысты , музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу;-Барабан аспабы мен сылдырмақ, бубен аспаптарының үнін салыстырып тыңдату, үнінен тану;-Ән айтуда әнді жеке және топпен айтуға үйрену;- Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.
--	--------	---

2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>арқанмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>көлбеу тақтаймен жүру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>«Суық түсті» биологиялық белсенді нүктелерінің массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>нық қадаммен жүру дағдысын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты дамыту;</p> <p>Күтілетін нәтиже: кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</p>
	Сенсорика	<p>Түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;</p> <p>Күтілетін нәтиже: қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;</p> <p>Күтілетін нәтиже: өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады: оларды жақсы көреді, сипайды;</p>
	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу,

	<p>олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p> <p>Күтілетін нәтиже: тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды;</p>
Сурет салу	<p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді;</p>
Жапсыру	<p>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі; бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады.</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады);</p>
Музыка	<p>-Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу;</p> <p>-Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану;</p> <p>-Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу;</p> <p>-Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар,</p>

		қорбаңдаған қонжықтар).

2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру	<p>«Жуынғанда айтатын ән» бетке арналған массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>ирек жолмен жүру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Бір орыннан екі аяқпен жоғары секіру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>денесін дұрыс ұстау және қимыл үйлесімділігі дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Әуе шары» тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.</p> <p>нысанаға дәлдеп лақтыру дағдысын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктерді үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p> <p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>
	Сенсорика/ Математика негіздері	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғат әлемі.</p> <p>Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп</p>

	және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету; Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алуды) үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету.
Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.

2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан»МДҰ

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	
Наурыз	Дене шынықтыру	аяқ пен дененің бұлшық ет-сіңір аппаратын нығайту. денесін дұрыс ұстау, қимыл үйлесімділігін дамыту. шанамен сырғанау дағдыларын қалыптастыру. заттардан аттап өту дағдысын қалыптастыру. ырғақты жүгіру дағдысын қалыптастыру. дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға(Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алуға үйрету
	Сенсорика	Заттардың санын ажырату (біреу — көп);
	Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен(қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	Көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын айтуға үйрету
	Сурет салу	қағазға, құмға саусақпен сурет салу
	Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу: білезік, жүзік, қол сағаттар
	Жапсыру	Дайын пішіндерді дұрыс орналастыруды үйрету.Саусақтың ұсақ бұлшық
	Музыка	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; -Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.

2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан»МДҰ

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы

Айы ы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	
Сәуір	Дене шынықтыру	кұрсауға секіру дағдысын қалыптастыру. табанның бұлшық ет аппаратын, иық белдеуі бұлшық еттерін нығайту. шананы төбешіктен сырғанату дағдысын қалыптастыру. қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. допты лақтыру және ұстап алу дағдысын қалыптастыру. шанамен сырғанау дағдысын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің әтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру
	Көркем әдебиет	Халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;
	Сенсорика	Әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішкентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқытүсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын(тауық, қаз, үйрек), маусымғатән табиғат құбылыстарын бақылау. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қаттытас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, тәгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және экспериментжасау.
	Құрастыру	Қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру
	Сурет салу	Балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру;
	Мүсіндеу	сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптасытру
	Жапсыру	Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру
	Музыка	-Музыка тындауда кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау; -Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану; -Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту.

2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан»МДҰ

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	бөренеден еңбектеп өту дағдысын қалыптастыру. тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін сақтау дағдысын қалыптастыру. спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру. көлбеу тақтаймен еңбектеу дағдысын қалыптастыру. спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойыншашағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің кәпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрысайтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.
	Сенсорика	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады
	Қоршаған ортамен таныстыру	Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру,өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншіліктаныту және қамқорлық жасау. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқытүсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып,құрастыру
	Сурет салу	түрлі-түсті қарындаштармен, фломастердің, гуашьтің төрт түсімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру
	Мүсіндеу	мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру
	Жапсыру	фланелеграфтың кенебін қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруғамашықтандыру Қағазға «қошқар мүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету.
	Музыка	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тани білу;

	<p>-Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, бубен, асатаяқ, сырнай);</p> <p>-Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту;</p> <p>-Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>
--	--

